

**19.07.2013ж.** № **06-2-41-06/3203**

## «Қазақстан қор биржасы» АҚ

*«Самұрық-Қазына» АҚ органдары құрамының өзгеруіне қатысты*

ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 72 қаулысымен бекітілген Қаржылық есептілік депозитарийінің, қор биржасының интернет-ресурсында корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратты, қаржылық есептілікті және аудиторлық есептерді орналастыру қағидаларының (*бұдан әрі – Қағидалар*) 8-тармағын орындау үшін осымен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің және Басқармасы құрамының өзгергені туралы ақпаратты жібереміз.

### 1. «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі

3 маусымда «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор Гүлжан Талапқызы Молдажанова оның өкілеттігін тоқтату өтінішімен хабарлама берді.

ҚР Президентінің 2013 жылғы 3 шілдедегі № 596 Жарлықпен «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаев ҚР Мұнай және газ министрі лауазымынан босатылды және ҚМГ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 3 шілдедегі № 11/2013 шешімімен «ҚМГ» АҚ Басқармасының төрағасы болып тағайындалды.

Сонымен бірге, Гүлжан Талапқызы Молдажанова мен Сауат Мұхаметбайұлы Мыңбаевтың «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамынан шығуын түпкілікті ресімдеу үшін «Самұрық-Қазына» АҚ Жалғыз акционері – ҚР Үкіметінің тиісті шешімі қажет (*«Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» ҚР Заңының 7-бабы 2-тармағының б) тармақшасы*).

Осыған орай Қағидалардың 8-тармағына сәйкес талап етілетін «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің құрамын өзгерту жөнінде шешім қабылдау күні туралы ақпарат Сіздің атыңызға ҚР Үкіметінің қаулысын қабылдағаннан кейін жіберілетін болады.

**059126**

## 2. «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы

№	талап етілетін ақпарат	ұсынылатын ақпарат
1	Эмитенттің шешім қабылдаған органының атауын көрсете отырып, эмитент органы құрамын өзгерту туралы шешім қабылданған күн;	«Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 7 маусымдағы № 93 шешімі
2	Эмитент органының құрамындағы өзгерістердің мәні: органның құрамынан шығарылған адамның тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты, органның құрамына сайланған (тағайындалған) адамның тегі, аты және болған жағдайда әкесінің аты.	а) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары, Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының мүшесі Бишімбаев Қуандық Уәлиханұлының өкілеттіктерінің тоқтатылуы; б) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары, Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының мүшесі етіп Ердебай Дәурен Иманжанұлын сайлау.

Басқарушы директор –  
Басқарма мүшесі



Н. Рахметов